

FTMAP 10.31.01; 28.23.00

<https://doi.org/10.26577/JAPJ117120268>

Ж.Г. Ибрагимова¹, **Э.С. Абдрахманова²**,
Д.М. Омурчиева³, **К.А. Джумабаева^{1*}**

¹Түран университеті, Алматы, Қазақстан

²«PowerLaw сараптамалық-консультациялық орталығы» ЖШС, Алматы, Қазақстан

³«NH Consulting KAZ» ЖШС, Алматы, Қазақстан

*e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Цифрлық трансформация жағдайында елімізде сот жүйесінде соттардың жұмысында, оның ішінде процессуалдық құжаттарды дайындауда электронды форматқа енгізу, жасанды интеллектті пайдалану сот төрелігін дамытудың қажетті кезеңіне айналуға.

Заманауи цифрлық ақпараттық құралдардың сот жүйесіне енуі сәтті орындалып, қазіргі таңда электрондық сот өндірісінің нәтижесінде қағазбастылықтан арылып, сапалы жұмыс атқарылып, қоғамда сот ашықтығы мен әділдігіне, соттардың бейтараптығы мен тәуелсіздігіне сенім орныға бастады. Электрондық сот төрелігі жүйесінің элементтері азаматтық процестің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес соттардың істерді қарау және шешу кезінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану және пайдалану нысандары болып табылады.

Қазіргі таңдағы ақпараттық жүйелер саласындағы қарқынды даму эволюциясы қоғам өмірінің барлық салаларын, оның ішінде заң саласын да толықтай дерлік ақпараттандыруға әкелді. Жаңа технологияны өз жұмысында тиімді қолданып, цифрландыру жүйесі арқылы жетістіктерге жеткен саланың бірі – сот. Сот саласы үшін сандық технология – жеделдікті арттырудың, сот актілерінің ашықтығын қамтамасыз етудің, соттардың жүктемесін азайтудың, бюрократиялық қарым-қатынасты жоюдың, сайып келгенде соттарда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетудің мүмкіндігі болып табылады. Жасанды интеллект жүйесі тұлғаларға сот актілерін іздеуге және сот істерінің ықтимал аяқталуына болжауға мүмкіндік береді. Сот жүйесін цифрландыруға көшудің біртіндеп дамып, электрондық соттар мен электрондық сот ісін электрондық сот төрелігін енгізудің негізгі платформалары ретінде құрумен аяқталғанын көрсетеді.

Алайда жаһандану жағдайындағы қарқынды дамып келе жатқан экономикалық қатынастар трансұлттық тұрғыдан да, әрбір тәуелсіз Мемлекет ішіндегі корпоративтік даулардың санын көбейтті. Қазақстан бұл логикалық құқықтық құбылыстан тыс қалмайды. Осыған байланысты сот қызметкерлерінің аналитикалық және ұйымдастырушылық-процестік жұмысының белгілі бір бағыттарын зерделеу және ЖИ-ді математикалық тұрғыдан дұрыс машиналық оқытуға көп көңіл бөлу қажет.

Авторлар зерттеуде талданған мәселелерді судьялардың белсенді қатысуы мен бақылауы, ұсынымдарды сот ісін жүргізудің нақты шарттарына бейімдеу, жасанды интеллект және блокчейн технологияларын интеграциялау арқылы шешуді ұсынады. Электрондық сот төрелігі жүйесін одан әрі дамыту үшін жасанды интеллект пен Blockchain технологияларын интеграциялау арқылы электрондық сот платформаларының функционалын дамыту маңызды. Тұтастай алғанда, бұл сот процестерінің қолжетімділігі мен тиімділігін одан әрі арттыруға ықпал ететін болады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, электрондық сот жүйесі, корпоративтік даулар, азаматтық істердегі сот талқылауы, цифрлық трансформация.

Zh.G. Ibragimova¹, E.S. Abdrakhmanova²,
D.M. Omurchiyeva³, K.A. Dzhumabaeva^{1*}

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

²LLP Expert Consulting center PowerLaw, Almaty, Kazakhstan

³LLP «NH Consulting KAZ, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

Features of the use of artificial intelligence in civil proceedings

In the context of digital transformation in the country's judicial system, the introduction of electronic formats in court proceedings, including the preparation of procedural documents, and the use of artificial intelligence are becoming a necessary stage in the development of justice.

The e-justice system forms a complex structure, representing a set of independent and interacting

in civil proceedings, united by the goal of solving problems of civil litigation. The elements of the e-justice system are the forms of application and use of information and communication technologies in the consideration and resolution of cases by the courts in accordance with the goals and objectives of civil proceedings.

Today's rapid evolution in information systems has led to the complete computerization of virtually all spheres of society, including the legal sphere. One area where new technologies are effectively utilized and achieved through digitalization is the court system. Digital technology for the judicial sphere offers the opportunity to increase efficiency, ensure the transparency of judicial decisions, reduce the burden on the courts, eliminate bureaucratic relations, and ultimately reduce the level of corruption in the courts. Artificial intelligence systems allow individuals to search for judicial decisions and predict the possible outcome of court cases. The gradual development of the transition to digitalization of the judicial system is evidenced by the creation of e-courts and e-litigation as the main platforms for implementing e-justice.

However, rapidly developing economic relations in the context of globalization have led to an increase in corporate disputes, both transnationally and within each independent state. Kazakhstan is no exception to this natural legal phenomenon. Therefore, it is necessary to study specific areas of the analytical and organizational-procedural activities of bailiffs, paying particular attention to mathematically correct machine learning of artificial intelligence.

The authors propose addressing the issues analyzed in the study through the active participation and oversight of judges, tailoring recommendations to specific court conditions, and integrating artificial intelligence and blockchain technologies. To further develop the e-justice system, it is important to enhance the functionality of e-court platforms through the integration of artificial intelligence and blockchain technologies. Overall, this will contribute to further improving the accessibility and efficiency of judicial proceedings.

Keywords: artificial intelligence, e-court system, corporate disputes, civil litigation, digital transformation.

Ж.Г. Ибрагимова¹, Э.С. Абдрахманова²,
Д.М. Омурчиева³, К.А. Джумабаева^{1*}

¹Университет Туран, Алматы, Казахстан

²ТОО «Экспертно-консультационный центр PowerLaw», Алматы, Казахстан

³ТОО «NH Consulting KAZ», Алматы, Казахстан

*e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

Особенности использования искусственного интеллекта в гражданском судопроизводстве

В условиях цифровой трансформации в судебной системе страны необходимым этапом развития правосудия становится внедрение в электронный формат в работе судов, в том числе в подготовке процессуальных документов, использование искусственного интеллекта.

Успешное внедрение современных цифровых информационных инструментов в судебную систему привело к ликвидации бумажной работы, повышению качества работы и повышению доверия общественности к прозрачности и справедливости судов, а также к беспристрастности и независимости судов. Элементами системы электронного правосудия являются формы применения и использования информационно-коммуникационных технологий при рассмотрении и разрешении дел судами в соответствии с целями и задачами гражданского процесса.

Сегодняшняя бурная эволюция в области информационных систем привела к полной информатизации практически всех сфер жизни общества, в том числе и юридической. Одной из сфер, где новые технологии эффективно используются в своей работе и достигаются благодаря цифровизации, является суд. Цифровая технология для судебной сферы – это возможность повышения оперативности, обеспечения прозрачности судебных актов, снижения нагрузки на суды, устранения бюрократических отношений, в конечном счете, снижения уровня коррупции в судах. Система искусственного интеллекта позволяет лицам искать судебные акты и прогнозировать возможное окончание судебных дел. О постепенном развитии перехода к цифровизации судебной системы свидетельствует создание электронных судов и электронного судопроизводства как основных платформ внедрения электронного правосудия.

Однако стремительно развивающиеся экономические отношения в условиях глобализации привели к увеличению количества корпоративных споров, как на транснациональном уровне, так и внутри каждого независимого государства. Казахстан не является исключением из этого закономерного правового явления. В связи с этим необходимо изучать отдельные направления аналитической и организационно-процессуальной деятельности судебных исполнителей, уделяя особое внимание математически корректному машинному обучению искусственного интеллекта.

Авторы предлагают решать анализируемые в исследовании проблемы посредством активного участия и контроля судей, адаптации рекомендаций к конкретным условиям судебного разбирательства, а также интеграции технологий искусственного интеллекта и блокчейна. Для дальнейшего развития системы электронного правосудия важно развивать функционал платформ электронных судов посредством интеграции технологий искусственного интеллекта и блокчейна. В целом это будет способствовать дальнейшему повышению доступности и эффективности судебных процессов.

Ключевые слова: искусственный интеллект, система электронного суда, корпоративные споры, гражданские разбирательства, цифровая трансформация.

Кіріспе

Технологиялық дамудың жоғары деңгейімен сипатталатын бүгінгі әлемде сот жүйесін электронды форматқа енгізу сот төрелігін дамытудың қажетті кезеңіне айналуда. Соңғы онжылдықтарда электрондық сот төрелігін енгізудің тұрақты үрдісі байқалды, бұл сот төрелігінің қолжетімділігін, жылдамдығын және тиімділігін қамтамасыз етуге жаңа көзқарас ұсынады. Қазіргі ғылыми еңбектерде «электрондық сот төрелігі» және «әділеттілік» сияқты ұғымдар тек техникалық ұғымдар ғана емес, сонымен қатар жаһандық құқықтық жүйені жаңғыртудың негізгі бағыттарына айналды.

Жасанды интеллект модельдері арқылы шешім қабылдауға қабілетті немесе қолдайтын сот тәжірибелерінде адам құқықтарын қорғаудың басты мәселесі әділ сот ісін жүргізу құқығы болып табылады. Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияның 6-бабында бекітілген әділ сот ісін жүргізу құқығы сот ісін жүргізуді реттейтін негізгі процедуралық ережелерді қамтитын жалпы қағида болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот Конвенцияның статикалық түсіндіруге жатпайтынын, бірақ оны әлеуметтік, экономикалық және технологиялық дамудың дамуы тұрғысынан бағалауды талап ететін «тірі құрал» ретінде қарастыру керек деп үнемі айтылып келеді (<https://hudoc.echr.coe.int>).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген 2024-2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасына сәйкес, алдағы бес жылда Қазақстан Республикасы экономиканың ең басым салаларында және мемлекеттік аппараттың жұмысында жасанды интеллект құралдарын дамыту мақсатын қойды. Аталған тұжырымдама бекітілгеннен бері мемлекет жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың келесі басым бағыттарын анықтады:

- Мемлекеттік басқару;

- Мұнай-газ, тау-кен өндіру, энергетика, көлік, логистика, сумен жабдықтау және ауыл шаруашылығы салаларындағы табиғи монополиялар (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>).

Білімнің осы саласындағы зерттеулердің стратегиялық бағытының маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау міндетін қойған болатын, бұл мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының осы зерттеу саласын дамытуға үлкен қызығушылығын растайды және демек, осы саладағы ғылыми әзірлемелердің, соның ішінде сот төрелігін жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың қызметіне қатысты ғылыми ойлардың кең ауқымының жоғары өзектілігін көрсетеді.

Индустрия 4.0 біздің қоғамға, тіптен күнделікті өмірімізге сенімді түрде енуде. Қазақстан ЖИ дамыту бойынша әлемдік рейтингте 81-орында тұр (<https://baq.kz>).

Бүгінгі таңда сот жүйесінде ЖИ-ні қолдану тақырыбы қызу пікірталастар мен түрлі көзқарастарды тудыруда. Сот жүйесіндегі ЖИ-нің дамуының нақты перспективаларына талдау жүргізу маңызды. Заң мамандарының кейбірі мұны әділ сот құрудың мүмкіндігі деп санайды. Ал, екінші тарап ЖИ уақыт пен ресурстарды едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді деп есептейді. Алайда, мұндай оптимистік көзқарасты бәрі бірдей қолдамайды. Кейбір зерттеулер жұмыс орындарының әлеуетті жоғалуы туралы, сондай-ақ ЖИ шығаратын шешімдерге шағымданудың мүмкін еместігі туралы мәселелерді көтереді, өйткені ол тек алгоритмдерге ғана сүйенеді.

Қазақстан Республикасында азаматтық сот ісін жүргізуде жасанды интеллектті қолдану қажеттілігі, атап айтқанда, сот жүйесін автоматтандыру үрдісі байқалады. Сот билігінің басшылығы соттардың жұмысына, оның ішінде процессуалдық құжаттарды дайындауға ЖИ енгізу және қолдануды кеңейту қажеттігін мәлімдейді.

Қазақстандағы ЖИ-ді заңнамалық реттеу белгілі бір кезеңмен сипатталады. 2020 жылы «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңына (<https://online.zakon.kz>) цифрлық технологиялар мәселелері бойынша түзетулер енгізілді және «Зияткерлік робот» ұғымы бекітіліп, Зияткерлік робот меншік иесінің және иеленушісінің құқықтары мен міндеттері көзделген. 2021 жылы аталған Заңға «үлттық жасанды интеллект платформа-сы», «үлттық платформа операторы» және 13-2-бабы «үлттық жасанды интеллект платформа-сы операторының құзыреті» деп аталатын жаңа ұғымдар толықтырылды (<https://online.zakon.kz>). Үлттық заңнамаға енгізілген өзгерістердің серпіні мен сипаты цифрлық технологиялар мен ИИ қолдану негіздеріне қатысы бар негізгі ұғымдарды заңнамалық тұрғыдан бекітуге тырысатындығын көрсетеді. Алдағы уақытта жаңа технологияларды дамыту қауіпсіздігіне қатысты «Ашық НҚА» сайтында жарияланған «2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы» жобасында қарастырылуда (<https://primeminister.kz>). Жалпы, электрондық сот төрелігінің техникалық аспектілеріне де, оның азаматтардың конституциялық кепілдік берілген құқықтарына әсеріне де қатысты бірқатар зерттеу сұрақтары туындайды. Электрондық сот төрелігін дамытудың қиындықтарын, артықшылықтарын және перспективаларын атап өту талқылау мен зерттеудің маңызды тақырыбы болып табылады, себебі бұл кезең қазіргі заманғы құқықтық парадигманы қалыптастыруда өте маңызды.

Зерттеудің мақсаты – сот және құқықтық жүйені цифрландырудың негізгі артықшылықтарын және перспективаларын көрсету тұрғысынан электрондық сот төрелігін талдау.

Тиісінше, зерттеу сұрақтарының ауқымы келесі бағыттарды қамтиды:

А) электрондық сот төрелігінің негізгі артықшылықтарын зерттеу;

Б) сот төрелігі жүйесінде цифрлық технологияларды одан әрі енгізу мен пайдаланудың негізгі перспективалы бағыттарын белгілеу.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада зерттеудің құқықтық реттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды. Атап айтқанда, тарихи, салыстырмалы талдау, нормативтік-логикалық, синтездеу, жүйелі-құқықтық, абстракция, жалпылау, ұқсастық және т.б. жария-құқықтық әдістер де қолданылды. Зерт-

теу барысында тарихи құқықтық әдістер бала құқықтарын қорғаудың, бала құқықтары туралы заңнаманың қалыптасу тарихы мен бала құқығы институтының дамуын анықтау мақсатында қолданылады. Зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуда авторлардың ұлттық және шетелдік заңнамалары мен тәжірибесін зерттеуде салыстырмалы құқықтық әдістер жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Барлық әлеуметтік салаларды қамтыған цифрландырудың белсенді процестерін ескере отырып, сот жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктері қазіргі заманғы ғалымдар арасында өзекті болып табылады.

Профессор Vanica COVID-19 пандемиясы аясында сот ісін цифрландырудың кейбір аспектілерін сипаттап, құқықтық жүйеде цифрландыруға көшудің жалғасып жатқаны бірнеше маңызды элементтерді, мысалы, электрондық файлдарды енгізуді, сот ісін жүргізуде электрондық қолтаңбаларды кеңінен қолдануды және мемлекеттік сот мекемелерінің виртуалды салада тарататын ақпаратының үлкен көлемін қамтитынын дәлелдейді (<https://doi.org>). Бұл жетістіктер жаһандық құқықтық ортаны қайта құрудың терең процесінің басталуын білдіреді.

Соттарға ашық қол жеткізу арқылы заңды қорғау құқығы – өркениетті қоғамдардың конституцияларымен кепілдендірілген негізгі адам құқығы. Сот ісін жүргізудің қымбаттығы мен процедуралық қолайсыздығы, мүмкін, адамдардың соттарға қол жеткізудегі басты кедергісі болып табылады. Сондықтан сот жүйесінің қолжетімділігін арттыру сот инновациялары мен реформаларының негізгі мақсатына айналады. Цифрлық экономиканың қарқынды дамуымен көптеген коммерциялық қызмет физикалық әлемнен интернетке ауысты. Электрондық сот төрелігі жүйесінің элементтері азаматтық процестің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес соттардың істерді қарау және шешу кезінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану және пайдалану нысандары болып табылады. Мәселен, электрондық коммерциядан дау туындаған кезде, көбінесе келіссөздер жүргізу мүмкіндігі әлсіз тұтынушылар зардап шегеді. Егер тұтынушы сатушыдан залалды өтеуді талап еткісі келсе, ол қазіргі жаһандық құқықтық жүйелерге сәйкес сатушының бас кеңсесі (немесе негізгі бизнес кеңсесі) орналасқан сотқа

талап арыз беруі керек. Сот ісін қозғау үшін тұтынушылар көбінесе бірнеше сот отырыстарына жұмсалған уақыт, ақша және еңбек үшін жоғары сот шығындарын төлеуі тиіс. Сонымен қатар электрондық коммерция дауларының дәлелдері әдетте интернетте болады, сонымен қатар электрондық коммерцияның транзакция сомасы әдетте аз, бірақ дәстүрлі сот ісін жүргізу жүйесі бойынша сот ісін жүргізу құны талап етілуі мүмкін өтемақы сомасына жақын немесе тіпті одан да жоғары болуы мүмкін (Huang-Chih, 2020).

Әлемде электрондық сот төрелігі жүйелерінің салыстырмалы түрде жетілмегендігі мен әртүрлілігінің нәтижесінде электрондық сот төрелігі бойынша зерттеудің нақты салалары мен тақырыптарын көрсететін және болашақ зерттеу бағыттарын анықтайтын интеграцияланған зерттеу құрылымы әлі де жетіспейді. Қазіргі уақытта бірнеше елдерде ЖИ судьялардың көмекшісі ретінде де, оларды толығымен ауыстыруға қабілетті технология ретінде де пайдаланылады. Мысалы, Ресей Федерациясындағы пилоттық жоба шеңберінде сот приставтарының істерінде компьютерлік бағдарлама сот құжаттарын дайындайды және олардың талаптарға сәйкестігін тексереді (Гусак, 2024, б.166).

Қазіргі таңда елімізде азаматтық сот ісін жүргізуде осындай елеулі өзгерістер үшін технологиялық алғышарттар жасалды. Жасанды интеллект құралдары жобалау және редакциялауға қолдау көрсете алады. Мысалы, жасанды интеллектті сот құжаттарында емле қателерін тексеру және грамматикалық және басқа да редакциялық ұсыныстар жасау үшін, мысалы, қысқаша хаттар мен өтініштер үшін пайдалануға болады. Жасанды интеллект құралдарын сот құжаттарындағы заңды сілтемелерді сотқа немесе арбитражға бермес бұрын қарау және талдау, сондай-ақ қарама-қарсы тараптардың сот құжаттарының дәлдігі мен шынайылығын тексеру және талдау үшін де пайдалануға болады. Бұл уақытты үнемдейді және сот құжаттарын дайындау мен қарау тиімділігін арттырады, бұл сүйенетін заң әлі де жақсы заң болып табылатынын және дәл көрсетілгенін анықтайды.

Жасанды интеллект – тез дамып келе жатқан технология және оны азаматтық сот істерінде мүқият және сақтықпен пайдалану қажет. ЖИ – бұл адвокаттар, судьялар және төрешілер қолданатын құрал, алайда оларды алмастырмайды. Процеске адамның қатысуы дәлдік пен нәтижелердің сапасын қамтамасыз етеді, жасанды интеллект мамандары бұл процесті «циклдегі

адам» деп атайды. Жасанды интеллект қолдайтын, адам басқаратын процестер адам пайдаланушыларына шешім қабылдауды немесе күрделі ойлауды өз қолдарына алуға мүмкіндік береді, сонымен бірге жасанды интеллекттің кеңдік пен жылдамдыққа деген қабілетін пайдаланады. ЖИ аз уақыт ішінде тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан зерттеушілер бұл құралдар жақын арада заң технологияларындағы автоматтандырудың 30%-ын құрайды деп болжайды (<https://bhglaw.com>).

Қолданыстағы құқықтық база азаматтық сот ісін жүргізудің бәсекелестік сипатқа ие екенін және соттың белсенді қатысуымен сипатталатынын атап көрсетеді. Бұл ынтымақтастық тәсілі тиімді іс жүргізуді және әділ сот ісін жүргізу қағидаттарын қамтамасыз етуге арналған. Сонымен қатар экономикалық ортадағы өзгерістер, әсіресе адвокатура мен нотариус мамандығындағы заң тәжірибесіне әсер етуде.

Қазіргі таңдағы ақпараттық жүйелер саласындағы қарқынды даму эволюциясы қоғам өмірінің барлық салаларын, оның ішінде заң саласын да толықтай дерлік ақпараттандыруға әкелді. Жаңа технологияны өз жұмысында тиімді қолданып, цифрландыру жүйесі арқылы жетістіктерге жеткен саланың бірі – сот. Сот саласы үшін сандық технология – жеделдікті арттырудың, сот актілерінің ашықтығын қамтамасыз етудің, соттардың жүктемесін азайтудың, бюрократиялық қарым-қатынасты жоюдың, сайып келгенде соттарда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетудің мүмкіндігі болып табылады. Жасанды интеллект жүйесі тұлғаларға сот актілерін іздеуге және сот істерінің ықтимал аяқталуына болжауға мүмкіндік береді.

ЖИ-нің азаматтық процеске қатысты бойынша екі тұжырымы бар :

- 1) ЖИ – судья – сот процесіне қатысушы;
- 2) ЖИ – техникалық көмекші.

Заң ғылымында ЖИ-ні сот өндірісіне енгізуге байланысты кереғар пікірлер де орын алуда. Кейбір ғалымдардың пікірінше ЖИ-мен күнделікті «қарапайым» сот істерінің жекелеген санаттарын шешу функцияларын орындауға болады мысалы, оңайлатылған (упрощенное) іс жүргізу, дау туындамайтын, медиациялық тәртіппен орындалатын сот істері және т.б. (Соседова, 2020, б. 32). Ал, екіншілері, ЖИ технологиялары сот ісін жүргізудегі судьяның процессуалдық рөлін алмастырмауы тиіс деп санайды (Булгакова және т.б., 2018, б. 16). Расында, сот ісін жүргізуде ЖИ-ні пайдаланудың нақты мүмкін-

діктеріне қарамастан, бүгін де бұл технологиялар судьяны толығымен алмастыра алатынына толық сенімділік жоқ. Мысалы, егер ЖИ судьяның құқықтары мен міндеттеріне ие болса, оны құқық субъектісі деп тануға тура келеді. Осы уақыт кезеңінде бұл аспектінің елеулі салдары бар. Іс бойынша дәлелдемелерді қарайтын судья-адамның электрондық дәлелдемелерді қамтитын шаблон негізінде шешім қабылдайтын ішкі сенімін «жансыз машинамен» ауыстыру мүмкін емес.

Осы ретте М.Д. Журавлеваның пікірінше, ЖИ адамға ұқсас танымдық қабілеттерді қолдана алады. ЖИ оларды бағдарламалан нысанда біржақтылығын, сондай-ақ олар өзара әрекеттесетін адамдардың көзқарастарын қамтуы мүмкін (Журавлева, 2021, б. 28). Басқаша айтқанда, ЖИ пайдалану жалпы сот ісін жүргізу жүйесін жүзеге асыру кезінде оң да, теріс де салдарға әкеп соғуы мүмкін. Бір жағынан, адамға тән бейтараптық пен қажеттіліктің болмауы ЖИ-ге әділ және объективті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, көп жылдық тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан ішкі сенімнің шамадан тыс болмауы қажетті дәлелдемелерді қосымша қарамай, толық негізделмеген сот шешімдерін қабылдауға әкелуі мүмкін.

Десе де, ЖИ судьяға көмекші құрал ретінде екі модельде жұмыс істей алады :

1) «суррогат сот төрелігі» – талдау мен шешім қабылдауды ЖИ жүйелері дербес, алайда адамның тікелей бақылауымен жүзеге асырады;

2) «қосымша сот төрелігі» (болжамды) – адамның талдамалық қабілеттері ЖИ жүйелерімен (іс бойынша ақпаратты автоматты түрде іздеу, іріктеу, талдау) толықтырылады.

Сот жүйесін цифрландыруға көшудің біртіндеп дамып, электрондық соттар мен электрондық сот ісін электрондық сот төрелігін енгізудің негізгі платформалары ретінде құрумен аяқталғанын көрсетеді. Бұл стратегиялық саясат өзгерісі заманауи ғалымдардың бірнеше еңбектерінде дәлелденген озық цифрлық технологияларды енгізу арқылы сот процестерін жаңғырту және оңтайландыру бойынша кешенді күш-жігерді көрсетеді (<https://doi.org/10.32782/2663-5666.2023.1.6>). Осылайша, электрондық соттар мен электрондық сот істерін енгізу арқылы сот жүйесі сот ісін жүргізуді жеделдету, құжаттарды тапсыруды жеңілдету және мүдделі тараптарға істерге қатысты ақпаратқа нақты уақыт режимінде қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін технологияны пайдалануға тырысады. Электрондық сот төрелігіне көшу

инновацияны қабылдауға және цифрлық дәуірдің талаптарына бейімделуге бейімделуге деген ұмтылысты білдіреді (<https://doi.org/10.2139/ssrn.3745375>).

Жасанды интеллект «біржақты» болуы мүмкін және «галлюцинация» тудыруы мүмкін, бұл сот ісінде ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болғандықтан, адамның іс-әрекеті өте маңызды. Жасанды интеллект «біржақты» болуы мүмкін және «галлюцинация» тудыруы мүмкін, бұл сот ісінде ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болғандықтан, адамның іс-әрекеті өте маңызды. (<https://www.law360.com/pulse/ai-tracker>).

Сот жүйесін цифрландыруда корпоративтік даулардың мәні ерекше. Корпоративтік даудың тараптары заңды тұлғалар (акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік) және жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер, акционерлер, қатысушылар, директорлар Кеңесінің мүшелері, оның ішінде бұрынғылар) бола алады. Кез-келген дерлік корпоративтік дау келіссөздер кезеңінде шешілмеген корпоративтік жанжалдан басталады. Сотта корпоративтік дауды қозғамас бұрын, талапкер әдетте сотқа дейінгі арызда өз талаптарын белгілейді. Дауларды тараптардың келіссөздер немесе сотқа дейінгі шағымдар сатысында шешуі сирек емес.

Алайда жаһандану жағдайындағы қарқынды дамып келе жатқан экономикалық қатынастар трансұлттық тұрғыдан да, әрбір тәуелсіз Мемлекет ішіндегі корпоративтік даулардың санын көбейтті. Қазақстан бұл логикалық құқықтық құбылыстан тыс қалмайды. Осыған байланысты сот қызметкерлерінің аналитикалық және ұйымдастырушылық-процестік жұмысының белгілі бір бағыттарын зерделеу қажет, онда ЖИ құралдарын қолдану мүмкіндігін қарастыруға болады. Бірақ мұндай инновацияларды сынақтан өткізіп, енгізбес бұрын, ақпараттық қауіпсіздікке, жеке деректерді қорғауға және ЖИ-ді математикалық тұрғыдан дұрыс машиналық оқытуға көп көңіл бөлу қажет.

Корпоративтік дауларды шешуде жасанды интеллектті пайдалану бір мезгілде екі процедурадан басталуы мүмкін:

1. Корпоративтік даулар бойынша сот ісін жүргізу;

2. Ұқсас істерде қабылданған шешімдер негізінде істің нәтижесін болжау мүмкіндігімен корпоративтік дауда заңды маңызы бар мән-жайларды анықтау.

Дж. Барнетт пен П. Треливен жасанды интеллект пен блокчейн технологияларын пай-

далануды зерттеген кезде дауларды шешу процесін автоматтандыруға көмектесетін бірнеше негізгі аспектілерді анықтайды. Жасанды интеллекттің арқасында дауларды шешетін платформалар мысал ретінде қарастырылды. Авторлар eBay Resolution Center (жыл сайын миллиондаған дауларды шешеді), SmartSettle (тараптар арасында ымыраға келу үшін ойын теориясын пайдаланады) сияқты жүйелерді атап өтеді (Jeremy, 2018. p. 399). Корпоративтік даудың нәтижесін болжауда, көп мөлшердегі заңды ақпаратты өңдеуде, сондай-ақ заңды тұрғыдан күрделі коммерциялық келісімшарттарды талдауда жасанды интеллектті пайдаланудың тағы бір негізгі қозғаушы күші – LawTech платформасы (<https://law-tech.co.in>). Бұл платформада келесідей автоматтандырылған заңды процестер бар:

- Есеп жүргізу, құжаттарды талдау, келісімшарттарды жасау (DocuSign, Contract Express);
- Онлайн дауларды шешу (ODR) – жасанды интеллектті пайдалана отырып, сандық форматта онлайн медиация, арбитраж немесе дауларды шешуге арналған платформалар;
- Блокчейн және ақылды келісімшарттар;
